



Автор: Ескожина Самал Сембаевна
Пән: Қазақ әдебиеті
Сынып: 8-сынып
Бөлім: Махаббат және абырой
Тақырып: «Бақытсыз Жамалдың» көркемдік әлемі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романындағы көркемдегіш құралдарының (психологиялық параллелизм, ирония, перифраз) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау
Сабақтың мақсаты:	Шығармадағы психологиялық параллелизм, ирония, перифраз тәсілдерінің қолданысын тауып талдау арқылы автордың стилін анықтайды
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Автордың жазу стилін анықтайды; Шығармадағы көркемдегіш әдіс-тәсілдердің қолданылуын талдайды; Пәндік лексика мен терминология:психологиялық параллелизм, перифраз, ирония, автор стилі. Талқылауға арналған сұрақтар: Романның оқырманына ерекше әсер етуінің себебі неде? Қаламгердің жазу мәнері қандай? Ой түйінін ашу тәсілі қалай көрініс тапқан?
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар шығарманың көркемдік құндылығын анықтайды, табады, талдайды. Автордың жазу стилін айқындайды.
Бағалау критерийлері:	-Психологиялық параллелизмді, перифраз, иронияны табады -Автордың жазу стилін анықтайды
Құндылықтарды дарыту:	Құрмет (талдау барысында аналық қамқорлық және әлеуметтік-тарихи мәселелердің мәнін жеткізудегі автордың көркем тілін, ана тіліміздің байлығын құрметтейді)
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	Тарих, педагогика , этнопедагогика
Бастапқы білім:	Оқушылардың көркемдегіш құралдар перифраз, ирония, психологиялық параллелизм туралы түсініктері бар, таба алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (5)</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі Миға шабуыл Сабақ ауызша журнал түрінде өтеді. Мұғалім: Балалар, біздер алдыңғы сабақта өткен «Бақытсыз Жамал» романының авторы М.Дулатов қандай газетті шығаруға атсалысып еді? (- «Қазақ» газеті) -«Болмасаң да ұқсап бақ» дегендей авторға ұқсап сіздерде газет-журнал шығарып көргілеріңіз келе ме? -Ендеше, біздер де бүгін Міржақып Дулатов атамызға ұқсап, журнал құрастырып көрейік. Республикалық әдеби –көркем «Адырна» журналының бүгінгі номерін Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романының көркемдік әлеміне арнайық. Журналымыз мынадай айдарлардан тұрады: «Сіз білесіз бе?» «Кезбе тілші» «Әдеби зерде» «Зерттеушілік әңгіме» «Авторға хат» «Пайдалы кеңес» Қызығушылықты ояту. Мұғалімнің жетекші сұрағы арқылы мақсатты болжайды. Мұғалім: М.Дулатовтың қызы Г. Дулатованың «...Бұл кітабы да елге тез тарап кетті, бізге көршілес тылдан келушілер сылтау тауып, қалап әкететін болды. Жамалдың өлеңмен баяндайтын аянышты өмірінен қыз-келіншектер өз бастарынан кешкен қайғысын, мұң зарын көрді. Романды оқығанда олар көз жастарын тыя алмай, уһілеп отыратын. Үлкендер жағы кешкі отырыстарда «Бақытсыз Жамалдың» хикаясын әңгімелесе, жастар жиын-тойларда кітаптағы өлең жырларды әнге қосып айтатын» («Жұлдыз», 1990,№6) «Ардақтап өтем әкемді» атты естелігіндегі пікірінеуңіліп көрейік. -Романның оқырманына ерекше әсер етуінің себебі неде? -Демек, жазушының тілінің көркемдігі, шұрайлылығы туындысының көркемдігін айшықтайды.Ендеше бүгінгі шығаратын журналымыздың мақсаты бойынша жазушының жазу стилін анықтап, көркемдегіш құралдарды табамыз.</p>	<p>http://xitfilms.ru/online/VGdZSWInZzBsQnM М.Дулатов (көркем деректі фильм) Адырна-садақтың негізгі бөлігінің атауы.Ағаштан, мүйізден, сүйектен иіп құрастырады. Адырнаға қайыстан, тарамыстаннемесе жібектен керме, жіп,кіріс байлайды. Адырнаныңіні, екі басы, белі әр түрліағаштан жасалып, иінісерпінді болу үшін мүйіз, беліберік болу үшін сүйекқабаттастырылып, өн бойытарамыспен шандып байланады. «НЗМ» Орта мерзімдік жоспары, 8-сынып</p>
------------------------------	--	---

<p>Сабақтың ортасы (25)</p>	<p>Мағынаны тану 1-тапсырма Топтық жұмыс. (топта талқылап, бір оқушы сөйлейді) Мұғалім:Келесі айдарымыз «Кезбе тілші» деп аталады?Оқушылар топ ішіндегі тілшіні сайлайды. Тілші топ мүшелеріне«Шығармадағы ерекше сезімге әсер еткен тұстарын автор қандайтәсілдермен жеткізген?» деген сұрақты қойып, топ ішіндегі барлықоқушылардың пікірін біледі және ол пікірлерді ортаға шығып айтады.Дескриптор: -Автордың қандай тәсілдерді қолданғанын ажыратады -Неғұрлым көркем сөздермен жеткізеді. Қалыптастырушы бағалау. Топтарбір-бірін бағалайды.(Сұраққа жауап беруіне орай, садақ жебесінің суретіберіледі, толық жауап -3 жебе, толықтыруды қажет ететін сұрақ -2жебе,толық емес жауап - 1 садақ жебесі) 2-тапсырма ЖұптықжұмысМұғалім: -Балалар, келесі айдарымыз «Әдеби зерде» деп аталады.«Дулатов роман өзегіне шындықты негіз еткен, мұнда халықтұрмысының жанды суреті бар» (В.А. Гордлевский)деген пікірге сүйенсек,жазушының романды көркем тілмен жеткізуіне көмектесетін ауыспалымағынадағы сөздер, бейнелегіш құралдар әдебиет теориясындағытерминдерге тән. Ендеше осы көркем ойларды жеткізудегі тәсілдердітауып, сәйкестендіріп көрейік. «Сәйкестендіру» Көркемдегіш құрал ҮзіндіПерифраз «Біз бастан кем кісіміз» Ирония «Тұр, балам ұйқың қанғаншығар»(Жұманның қыздарға ұрын барып ұйықтап қалуы) Психологиялықпараллелизм Жамал шыққан уақытта азырақ жаяу борасын бар еді.Жамалжиырма шақырым шыққан уақытта боран көтеріліп, жол көрінбей бастады.Метафора Жігіттің еркі өзінде -жылдың құсы Қалыптастырушы бағалау.Мұғалім жұптарды бағалайды. (Сұраққа жауап беруіне орай, садақжебесінің суреті беріледі, толық жауап - 3 жебе, толықтыруды қажетететін сұрақ -2 жебе, толық емес жауап - 1 садақ жебесі) 3-тапсырма.Топтық жұмыс. Мұғалім: Келесі айдарымыз «Зерттеушілік әңгіме» деп аталады. Топта талқылау жұмыстары «Үш жақты күнделік»әдісі бойыншаталданады.Шығарманың ішінен көркемдегіш құралдарды тауып,мағынасын анықтайды, қолданылуын түсіндіреді. Шығармадан үзіндіҚолданылған көркемдегіш құрал Бұл үзіндіге көзқарасымызМысалы:Көктем келгенде қыз баланың дүниеге келуі Жоғарыда айтыпөткен Байжанның он жеті жастарға келген Жұман дейтін бір таз һәмақылсыз баласы бар еді. Өткенқыс шаруаға жеңіл болғандықтан мал күйлі,бие ішті болып, Көктал қыстаған Құрман деген атаның ауылы жылдағыданжайлауға ерте шығып еді.Қыстай бір-біріне араласпаған ағайындарсағынысып, қашаннан астас, тойлас болған ғадеттерінше бір ауылды бірауыл ерулікке шақыра бастады... Әлгі топтанып отырған халыққа бір жігітшауып келіп:-СүйіншіСәрсеке! Шолпан жеңге аман-есен босанып тақиятігіп беретін тапты. Мысалы: Психологиялық параллелизм. Шығармаданпсихологиялық параллелизм кездесетін тұсын тауып (Табиғат көрінісімен адамның көңіл күйін параллель беруіне мысал келтіру: көктемгі ауылсуреті мен сәбидің дүниеге келу қуанышы; Жамалдың Жұманнан қашқанкүні мен қысқы боранның үдеуі) Дескриптор: - Шығармадағы перифраз,психологиялық параллелизм, иронияны табады - Үзінділердегі көркемдегішқұралдардың қолданыс ерекшелігінанықтай отырып, автор тілінің стилінеталдау жасайды. Қалыптастырушы бағалау. Топтар бір-бірін бағалайды.(Сұраққа жауап беруіне орай, садақ жебесінің суреті беріледі, толық жауап- 3 жебе, толықтыруды қажет ететін сұрақ -2 жебе, толық емес жауап - 1садақ жебесі)</p>	
<p>Сабақтың соңы (5)</p>	<p>Мұғалім: Келесі айдарымыз «Авторға хат»деп аталады.Романда жазушының оқырманға тікелей назар аударатын тұстары бар. Мысалы: «Оқушылар! Хикаямыздағы оқиғалар жоғарыда айтылмыш Сәрсенбайдың кім екендігін жазамын» деп келетін тұстары бар. Демек, бұл жазушының ерекшелігі. Міне, осындай тұстарын тауып, РАФТ әдісі арқылы авторға хат жазайық.Міржақып Дулатов романның «Сөз басы» деп аталатын басында «Мир-Якуб-төмендердің аласасы Сөзімнің бар ма, жоқ па тамашасы?»деген сауалдан бастайды. Ендеше жазушының осы сауалына жауап жазып көрейік? Дескриптор: -Қаламгердің жазу мәнері, стилі туралы көзқарасын жазады -Автордың сұрағына орай жауап береді. Қалыптастырушы бағалау. Мұғалім оқушыларды бағалайды. (Сұраққа жауап беруіне орай, садақ жебесінің суреті беріледі, толық жауап - 3 жебе, толықтыруды қажет ететін сұрақ -2 жебе, толық емес жауап - 1 садақ жебесі)</p>	

Рефлексия (5)	Кері байланыс: Оқушылар «Пайдалы кеңес» тәсілі арқылы қорытындылайды. 1. Бүгінгі сабақта сен қандай пайдалы үш нәрсе жасадың? 2. Сыныптасыңа қандай пайдалы кеңес бере аласың?	
------------------	--	--